

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің және оның аумақтық органдарының Әкімшілік комиссиясы туралы ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі 1999 жылғы 24 желтоқсан N 19-ОД бұйрығы. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 377-НҚ бұйрығымен.

----- *Бұйрықтан үзінді* -----

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 шілдедегі N 743 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ереженің 20-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 28 желтоқсанда N 1012 нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің және оның аумақтық органдарының Әкімшілік комиссиясы туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 24 желтоқсандағы N 19-НҚ бұйрығының күші жойылды деп танылсын...

Төрағаның міндетін атқарушы

Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 193-3, 237-2-баптарына және Қазақ КСР-нің "Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" Заңының 19-бабына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі мен оның аумақтық органдарының Әкімшілік комиссиясы туралы ереже (қоса беріліп отыр) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 17 мамырда N 758 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің " Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті

қорғау жөніндегі агенттігінің әкімшілік комиссиясын құру туралы" 1999 жылғы 2 сәуірдегі N 08-ОД V990758_ бұйрығының күші жойылған деп танылсын.

3. Заң басқармасы (Машинистова Е.Г.) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Аумақтық органдар қызметін үйлестіру және кадр жұмысы бөлімі (Қалпақбаев М.М.) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін аумақтық органдарға жеткізсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Төрағаның орынбасары С.Ш.Құрманғалиевқа жүктелсін.

Агенттік төрағасы

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің және оның аумақтық органдарының Әкімшілік комиссиясы туралы ереже

1. Әкімшілік комиссиясының міндеттері, оны құру тәртібі және қызметі

1. Осы Ереже істің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) және оның аумақтық органдарына жүктелген әкімшілік комиссиясының (бұдан әрі - "Комиссия") заң бұзушылық туралы істерді қараудағы жұмыс тәртібін белгілейді және анықталған заң бұзушылықтар, жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша істерді қарау мен тиісті шешімдер қабылдаудың тәртібін, мерзімін реттейді. Комиссияның басты міндеті жоғарыда көрсетілген санаттағы істердің дер кезінде, толық және жан-жақты қаралуын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақ КСР-нің "Бәсекелестікі дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы(ТМ) Заңын, Қазақстан Республикасының "Табиғи монополиялар туралы", "Теріс пиғылды бәсекелестік туралы" Заңдарын, Қазақ КСР-нің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексін, басқа да заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Комиссия құрылады және ол Комиссияның төрағасы, Комиссия төрағасының орынбасары, Комиссия мүшелері мен Комиссияның жауапты хатшысы бар құрамда жұмыс жасайды.

4. Комиссияны Агенттіктің төрағасы құрады, оның құрамында 7-9 адам болады. Аумақтық органдардың комиссиясы құрамында 5-7 адамы бар осы Ереже айқындаған тәртіппен құрылады.

5. Комиссияның төрағасы, ал егер ол болмаған кезде төрағаның орынбасары:
Комиссияның жұмысына басшылық жасайды, Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жауап береді;
Комиссияның отырысына төрағалық етеді;
қаралатын іс бойынша Комиссияның хаттамаларына және қаулыларына қол қояды .

6. Комиссияның мүшелері:
Комиссияның жұмысына қатысады және Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жауап береді;
қаралатын істер бойынша Комиссияның қаулыларына қол қояды.

7. Комиссияның жауапты хатшысы:
Комиссияның отырысына істі қарау үшін материалдар даярлауды жүзеге асырады ;

Комиссия отырыстарын өткізуде ұйымдастыру мәселелерін шешеді;
Комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді;
Комиссия отырысының хаттамасы мен қаулысына қол қояды;
Істі қарауға қатысатын тұлғаларға отырыстың өтетін орны мен уақытын хабарлайды ;

әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының атқарылуына бағыт береді және олардың атқарылуын бақылайды ;

Комиссияның іс қағаздарын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаралған істердің есебін жүргізеді, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша материалдардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау тәртібі

8. Комиссия Қазақ КСР-нің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 193-3-бабына және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес өз құзыретіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарайды.

9. Қазақ КСР-нің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің талаптарына сәйкес Агенттіктің уәкілетті қызметкері жасаған хаттама орындалуын бақылау Агенттікке жүктелген заң бұзушылық туралы істі қараудың негізі болып табылады .

10. Комиссияға түскен барлық хаттамалар арнайы журналға тіркелуге тиіс. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада түскен күні мен тіркелген нөмірі қойылады, ол сонымен бірге әкімшілік құқық бұзушылық туралы тиісті істің нөмірі болып табылады .

11. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде Комиссияның жауапты хатшысы мынадай мәселелерді:
осы істі қарау Комиссияның құзыретіне жатама ;

істің хаттамасы мен басқа материалдары дұрыс жасалған ба;
істі қарауға қатысатын тұлғаға оны қараудың уақыты мен орны хабарланды
м а ;

қажетті қосымша материалдар талап етілді ме;
жауапқа тартылатын, жәбірленуші адамның немесе олардың заңды
өкілдерінің өтінімдері қанағаттандырылуға немесе қабылдамай тастауға жата ма;

істі қарауға қатысатын тұлғалардың тізімін, оны қараудың уақыты мен орнын
а н ы қ т а й д ы .

12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жауапқа тартылатын адамның
қ а т ы с у ы м е н қ а р а л а д ы .

Жауапқа тартылатын адам қатыспаған жағдайда істің қаралатын орны мен
уақыты туралы оны дер кезінде хабарландырылғаны туралы деректер болса
немесе одан істі қарауды кейінге қалдыру жөнінде өтінім түспеген жағдайда істің
қ а р а л у ы м ү м к і н .

13. Комиссия істі қажеттігіне қарай өткізілетін мәжілісте, бірақ әкімшілік
құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа да материалдарын алған
күннен бастап 15 күн мерзімнен кешіктірмей қарайды.

14. Комиссия әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі ашық қарайды.

15. Істі қарау Комиссияның істі қарайтын құрамын хабарлай отырып
басталады. Комиссияның отырысына төрағалық етуші қандай істің қаралып
жатқандығын, кімнің әкімшілік жауапкершілікке тартылып отырғандығын
хабарлайды, іске қатысушы тұлғаларға олардың құқықтары мен міндеттерін
т ү с і н д і р е д і .

Бұдан кейін істі қарау мынадай тәртіппен басталады:
әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жарияланады;
іске қатысатын адамдардың өтінімдері мәлімделеді және жарияланады;
жауапқа тартылатын адамның түсініктемесі тыңдалады;
куәлардың айғақтары тыңдалады;
істі қарауға қатысушы басқа да адамдардың сөздері тыңдалады;
іс бойынша қаулы шығарылады.

16. Комиссия әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараған кезде:
әкімшілік құқық бұзушылық болды ма;
жауапқа тартылған адам осы құқық бұзушылыққа кінәлі ме, жоқ па, ол
әкімшілік құқық бұзушылыққа жата ма;
осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін жеңілдететін немесе ауырлататын
м і н д е т т е м е б а р м а ;

осы әкімшілік құқық бұзушылық арқылы мүліктік залал келтірілді ме, жоқ па,
деген мәселелерді анықтауға міндетті.

Сондай-ақ Комиссия істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар басқа да жағдаяттарды анықтауға міндетті.

17. Комиссия әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараған кезде хаттама (үлгісі қоса беріліп отыр) жүргізіледі, онда: мәжілістің өтетін уақыты мен орны; істі қараушы органның атауы мен құрамы; қаралатын істің мазмұны; істі қарауға қатысушы адамдар туралы мәліметтер, олардың өтінімдері; істі қарау кезінде зерттелген құжаттар мен заттай айғақтамалар; қабылданған қаулыны жариялау туралы мәліметтер және оған шағым берудің тәртібі мен мерзімдері көрсетіледі.

Хаттамаға мәжіліске төрағалық етуші мен комиссия хатшысы қол қояды.

18. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап, Комиссия мынадай қаулылардың бірін шығарады: айып салу түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы; Қазақ КСР-нің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 240, 241-баптарында көзделген жағдайларда іс жүргізуді тоқтату туралы.

19. Комиссияның қаулысында (үлгі қоса беріліп отыр): қаулы шығарған Комиссияның атауы; істің қаралатын күні; істі қарауға қатысты адам туралы мәліметтер; істі қарау кезінде белгіленген жағдаяттардың мазмұндамасы; Қазақ КСР-нің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің баптарына немесе осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауапкершілік көзделетін өзге де нормативтік актілерге нұсқама; іс бойынша қабылданған шешім; қаулыға шағым берудің тәртібі мен мерзімі қамтылуға тиіс.

Қаулы отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Қаулыға отырысқа төрағалық етуші және жауапты хатшы қол қояды.

20. Қаулы істі қарау аяқталысымен дереу шығарылады. Қаулының көшірмесі өзі туралы қаулы шығарылған адамның қолына үш күн ішінде табыс етіледі немесе оған жіберіледі. Қаулының көшірмесі қолхатпен табыс етіледі немесе іске бұл туралы тиісті белгі қойып, тіркеу тәртібімен жіберіледі.

21. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға сот тәртібімен шағым жасау және наразылық білдіру Қазақ КСР-нің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі аумақтық органдар

Комиссиясының қаулысына жоғары тұрған уәкілетті мемлекеттік органның
Комиссиясына шағым жасалуы мүмкін, соңғы шешімді Агенттіктің төрағасы
ш ы ғ а р а д ы .

22. Әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік жаза қолдану туралы
Комиссияның қаулысын заңды және жеке тұлғалар орындауға міндетті.

23. Қаулы ол шығарылған сәттен бастап орындалуға жатады.

Қаулыға шағым жасалған немесе наразылық білдірілген жағдайда шағым
немесе наразылық қанағаттандырылмай қалған соң ол орындалуға жатады.

24. Әкімшілік тұрғыдан жаза қолдану туралы қаулыны (үлгісі қоса беріліп
отыр) орындау үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша
Комиссияның қаулысын орындау Қазақ КСР-нің Әкімшілік құқық бұзушылық
туралы Кодексінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

25. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулының орындалуын
бақылауды осы қаулыны шығарған Комиссия жүзеге асырады.

26. Агенттіктің аумақтық органдарының Комиссиясы өздерінің жұмысын осы
Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы N_____

Хаттама

_____ жылдың " __ " _____ қаласы

Мен, _____
(хаттаманы жасаған Агенттік қызметкерінің аты-жөні)

әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақ К С Р Кодексінің 248,
248-1, 249 баптарына сәйкес осы хаттаманы жасадым, ол _____

_____ (тәртіп бұзушының аты-жөні)
жасалған тәртіп бұзушылықтың мазмұны, орыны, оның жасалған уақыты _____

_____ Әрекеті _____
(тәртіп бұзушының аты-жөні)

Бапта(-тарда) көзделген құқық бұзушылықтың нышандары _____

_____ (заңдарға, қаулыларға сүйену)
Жасалған әкімшілік құқық бұзушылық _____

ұсынылған материалдармен расталды: _____

Хаттаманы жасаған: _____ Аты жөні _____

Хаттаманы жасаған қызметкердің қолы

Құқық бұзушы: Құқық бұзушының аты-жөні

_____ қолы

Куәлер:

Куәлердің аты-жөні

Зәбірленуші: Зәбірленушінің аты-жөні

Хаттама екі данада жасалды, бір данасы құқық бұзушыға тапсырылды.

Б і р і н ш і б а с ш ы ғ а

Шақыру N

_____ жылдың _____ сағат _____ заңдылықты бұзу туралы істі қарау жөніндегі әкімшілік комиссиясының мәжілісіне шақырыласыз, өйткені құқық бұзушы ретінде оның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне жүктелген.

Міндетті түрде келуіңіз керек.

Мекен жайы: _____

тел. _____

К о м и с с и я х а т ш ы с ы

Шақыру қағазына түбіртек N__

_____ жылдың _____ сағат _____

Алды _____

(Аты-жөні., лауазым, қолы)

Шақыру қағазын алуды бас тартуына байланысты _____

(Бас тартқан адамның аты-жөні, лауазымы)

шақыру қағазы _____ жылдың _____ жауап қайтарылатын арнайы хатпен пошта арқылы жіберіледі.

Пошта квитанциясының N__

_____ жылдың _____

Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі

N__ іс

Әкімшілік комиссиясы мәжілісінің

Хаттамасы

_____ жылдың _____

Астана қаласы

Комиссияның құрамы:

Комиссия мүшелері:

Факті бойынша істі қарады _____
(қаралатын істің мазмұны)

Істі қарауға қатысатындар:
жауапқа тартылатын адам _____
(аты-жөні, лауазымы)

Сарапшылар _____
(аты-жөні, лауазымы)

және басқа адамдар(зәбірленуші, заңды өкіл, адвокат, прокурор)

Істі қарауға қатысатындардан өтініш білдіруші адамдар _____

Істі қарауға қатысқан адамдардың түсініктемелері, көрсетулері,
қорытындылары және сөз сөйлеушілер _____

Істі қарау кезінде зерттелген құжаттар мен заттай дәлелдемелер:

Қаралған істің аяқталуына орай Комиссия қаулы қабылдап, жариялады.
Сондай-ақ қаулының күшін жоюдың тәртібі мен мерзіміне түсінік
берілді.

Мәжіліс төрағасы:

Мәжіліс хатшысы:

Әкімшілік құқық
бұзушылық жөніндегі

N _____ іс

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша

Қаулы

" _____ " _____ жыл Астана қаласы

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті
қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік

комиссиясы әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақ КСР кодексінің 269-279 баптарының негізінде әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі N___ істі ашық мәжілісте _____ карап, _____

_____ (жауапқа тартылған адамның аты-жөні, лауазымы)
мекен-жайы _____
қызмет орны мен лауазымы _____
_____ жылдың "___" _____
(істі қарау кезіндегі себептерді баяндау)

сөйтіп _____

әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақ КСР Кодексінің 193-3 бабын бұзғандығын анықтады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақ КСР Кодексінің 21, 24, 62, 193-3 баптарын басшылыққа ала отырып,
К о м и с с и я :

_____ (құқық бұзушының аты-жөні)
әкімшілік сөгіс түрінде _____

ж а у а п қ а _____ т а р т ы л а д ы .
Осы қаулыны оны шығарған күнінен бастап 10 күн ішінде _____
(о р г а н н ы ң а т а у ы)
_____ қайтара алады.

Комиссия төрағасы
Комиссия төрағасының
орынбасары
Комиссия мүшелері:
Комиссия хатшысы

Комиссия қаулысының көшірмесін

алуға қолқат

_____ жылдың "___" _____ N___ іс бойынша
Қаулының көшірмесін _____ алды.
(Аты-жөні, қызметі, қолы)

"___" _____ жы л

N _____,
_____ (мына мекен-жайға)
_____ поштамен жіберілді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақ КСР Кодексінің 302 бабына
сәйкес _____

(А т ы - ж ө н і)
айыппұл салынғандығы туралы әкімшілік комиссиясының
_____жылдың " ____ " _____ N____ қаулысын ықтиярсыз орындау үшін
ж і б е р і л е д і .

Айыппұл толық өндіріліп алынғаннан кейін қаулыға орындалғаны
жөнінде белгі соғып, Комиссияға қайтаруыңызды өтінеміз.

Комиссия Төрағасы